- 2024-2025 оқу жылдарында мектептегі тәрбие жұмысы рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру қазақ халқының ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша жүзеге асырылды, оның мақсаты «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы азамат тәрбиелеу, озық әлемдік білімді меңгерге». Тәрбие процесі ұлттық құндылықтарға сәйкес жүргізіледі:
- тәуелсіздік және отаншылдық;
- бірлік және ынтымақ;
- әділдік және жауапкершілік;
- заң және тәртіп;
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- жасампаздық және жаңашылдық

Бағдарламаның мақсаты: рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру.

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша Мектеп парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы әрбір тәрбиеленушінің ұйымдастырушылық қызметке қатысуына мүмкіндік береді. Бұл мектептегі тәрбие процесін демократиялық, ашық және гуманистік етуде маңызды рөл атқарады.

2024–2025 оқу жылында Мектеп Парламенті арқылы келесі міндеттер шешілді:

Аз белсенді оқушыларды Мектеп Парламентінің жұмысына тарту;

Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау;

Мектеп Парламентін басқару үдерісінде оқушылардың мүдделерін ұсыну;

Оқушылардың мектеп өміріндегі қызығушылықтарын қолдау және дамыту;

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Оқушыларға өзін және айналасын тануға, өмірге бейімделуге, олардың барлық өмір салаларында құқықтары мен мүдделерінің әлеуметтік қорғалуына, сондай-ақ жеке тұлға ретінде ұжымда ғана қалыптасатынын түсінуге көмектесу.

Аға тәлімгер Кенжебаева Г.Б. мектептің тәрбие жұмысы жоспарын ескере отырып,

Мектеп Парламентінің жұмыс жоспары жасалды.

Жыл бойы біз түрлі қалалық және республикалық іс-шараларға қатысып, жүлделі 1, 2, 3 орындарға ие болдық.

Облыстық мектеп президенттері мен көшбасшыларының интенсивінде – 3-орын.

«Ерлікке тағзым» атты ескерткіштерге гүл шоқтарын қою қалалық акциясына қатыстық. «Біздің мектеп буллингке қарсы!» атты республикалық челленджге белсенді қатыстық. Мектепте Мектеп Парламентін дамыту жұмыстары жалғасуда. 2024–2025 оқу жылында мектеп президенті Саин Арнур болды. Барлық жұмыс 8 фракцияның көмегімен ұйымдастырылды. Мектеп парламенті мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, күмбірліген күй, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. Тәуелсіздік күніне орай «Жетістігім Отаныма» атты челлендж ұйымдастырылды. Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында "Мың алғыс" челленджіне қатысты. Мектеп Парламенті «Құстарға көмек» акция ұйымдастырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе отырып, олар оқушыларды ғана емес, ата-аналарды да құстарды сақтау мәселесіне шақыра алды. Наурыз мерекесімен құттықтау челленджін ұйымдастырды. Ұлттық ойындар», "Ұлттық қолөнер - ұлы мұра", "Қазақтың салт-дәстүрлері", сынып сағаттары, ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында "Ұлттық тағамдар", "Қазақтың ұлттық тағамдары" тақырыптарында сынып сағаттары, «Тұрмыс-тіршілікке байланысты салт-дәстүрлер", "Ою - өрнектер", "Ұлттық киімдер", "Ұлттық мерекелер мен дәстүрлер" тақырыптарында сынып сағаттары, мақсатында «Boursak party» челленджі ұйымдастырылған.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектебімізде «Ақиқат» дебат клубы құрылып, қалалық, облыстық сайыстарға қатысты. 2024-2025 оқу жылдары жетекшісі Аманкосов А.Ж. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған, үйірмесі жұмыс жасады. Үйірмеге 7-10 сынып оқушыларынан құрылған 30 қатысушы тізімі құрылды. Жоспарға сәйкес оқушыларға жалпы дебат ұғымын, оның түрлері, оқушыларға беретін артықшылықтары мен тигізер пайдасы қандай екені туралы айтылды. 10–11 сынып оқушылары арасында “Tezpar” интеллектуалдық ойыны ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, зияткерлік деңгейін арттыру және жылдам шешім қабылдау дағдыларын дамыту. “Фибрат” дебат клубының жұмысын дамыту мақсатында Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-дің “Алаш Орда” дебат клубының мүшелері тәжірибелік ойын өткізіп, оқушыларға пікірсайыс жүргізудің тиімді тәсілдерін көрсетті. “Мәңгі жаса, қыран елім, Қазақстаным!” атты дебат сайысына 8–9 сынып оқушылары қатысып, нәтижесінде 1-орынды – 8 “А” сыныбы, 2-орынды – 9 “Ә” сыныбы, ал 3-орынды – 8 “Ө” және 9 “А” сыныптары иеленді. 8–10 сынып оқушылары арасында өткен “АҚҰЛ майдан” интеллектуалдық сайысы оқушылардың логикалық ойлауын және білімге қызығушылығын арттыруға бағытталды. Қазан айында Республика күніне орай Г.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясында қалалық пікірсайыс турнирінде мектеп оқушыла Қадіржанова Фатима және Уталиева Дильназ қатысып «Алғыс хатқа» ие болды.

Мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккросинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды 2024-2025 оқу жылы бойынша " Менің үйдегі кітапханам» жобасы аясында оқушылар өз отбасылық кітап сөрелеріндегі сүйікті кітаптарымен таныстырып, оқуға деген қызығушылықтарын арттырды.

“Менің сүйікті кейіпкерім» сурет байқауы барысында оқушылар өздеріне ұнаған әдеби кейіпкерлердің бейнесін салып, шығармашылық қабілеттері мен кітапқа деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. 25 қазан – Республика күніне орай мектеп кітапханасында «Отаным – бақыт ордасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқушылардың елге деген сүйіспеншілігін арттыру және отаншылдық рухын қалыптастыру мақсат етілді. 5

“А” және “Ә” сынып оқушыларымен «Кітаппен дос болайық» атты мәнерлеп оқу бойынша сынып сағаты өткізіліп, оқушылар көркем мәтіндерді нақышына келтіріп оқып, әдебиетке деген қызығушылықтары мен сөйлеу шеберліктерін дамытты. «Демалыста кітап оқимыз» акциясы аясында оқушылар каникул уақытын тиімді өткізіп, қызықты кітаптармен танысып, оқуға деген қызығушылықтарын арттырды. “Әжемнің ертегілері” челленджі аясында оқушылардың әжелері сүйікті ертегілерін айтып, ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, балалардың ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттырды. Қазақстанның Халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың 85 жылдығына орай «Поэзия падишасы – Фариза» атты әдеби-танымдық шара өтті. Іс-шара барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беріліп, оқушылар өлеңдерін оқып, шығармаларына талдау жасады. Қазақтың данышпан ақыны, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, ағартушы, философ, аудармашы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына байланысты «Абай мұрасы-халық ұлағаты» тақырыбында №4 М.Горький атындағы қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен мерекелік шара өтті. Шараға 10 «А» сыныбының оқушылары қатысып, ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыды. «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары аясында «Жаңа әлем-жаңа кітап» оқырмандар конференциясы өтті. Шараға 9 «Ә» сынып оқушылары қатысып, оқыған шығармалары туралы ой қозғап, өзара пікір алмасты. Жаңадан келіп түскен көркем әдебиеттер таныстырылып, оқуға ұсынылды.

Республика күніне орай «Отаным-бақыт ордасы» атты кітаптар көрмесі көркемделіп, оқушыларға библиографиялық шолу жүргізілді. Оқырмандардың рухани байлықтарын әдебиет оқу арқылы байыту мақсатында қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын насихаттауда түрлі көптеген шаралар ұйымдастырылды. «Бір ел-бір кітап» республикалық акциясы аясында «Балалық көңілдің пернесін дөп басқан» атты әдеби альманах №4 М. Горький атындағы қалалық кітапханасында өткізілді. Атап айтатын болсақ, «Балалар кітапханасы» жобасы, «Бір ел –бір кітап» акциясы аясында қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі, 2024 жылы 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін Бердібек Соқпақбаевқа арнап, №4 М.Горький ат. қалалық кітапханасымен бірлесе отырып, «Балалық көңілдің пернесін дөп басқан» атты әдеби альманах ұйымдастырылды. Аталмыш акция аясында балалар әдебиеті бойынша Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары таңдалып, оқырмандарға насихатталды. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 2-сәуір –Халықаралық балалар кітабы күніне орай «Кітаппен жарқын әлемге» атты ертегіні дауыстап оқу сағаты ұйымдастырылды. Шара барысында 1 «А» сынып оқушыларымен ертегілерді дауыстап оқылды, сонымен қатар балалардың кітап оқудағы қызығушылықтарын арттыру мақсатында өз қолымен өрнектеліп бетбелгілер жасалды.

2024-2025 оқу жылдары Мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы ұйымдастырылды. АПҚО негізгі мақсаты: мектеп пен ата - ана арасындағы байланысты нығайту, ата-ананың бала тәрбиесінде қандай орын алатынын түсіндіру, ата-аналардың өзін мұғалім - тәрбиеші ретінде қарастыруға деген қызығушылығын дамыту.

Бекітілген жоспарға сәйкес 1-4, 5-9 және 10-11 сыныптардың ата-аналары үшін 8 сабақ өткізілді. Өткізілген сабақтар ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыруға, балалардың психо-эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениеті мен әлеуметтік құзыреттерін дамытуға ықпал етті.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында "Даналық мектебі" жұмыс істейді, оның қызметі позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бекітілген жоспар бойынша жыл бойы түрлі іс-шаралар өткізілді. "Аталармен шежіре: ұрпақтар сабақтастығы" атты іс-шара өтті, оған екі ұрпақтың өкілдері, немерелері мен аталары қатысты. Іс-шараға қатысушылар жетінші

ұрпаққа дейінгі ата-бабаларын және балалар жақсы білетін жеке отбасылардың ата-тегі туралы білудің маңыздылығын атап өтті. "Дәстүріміздің балқаймағы-әжелер", атты іс-шара өткізілді. Оған 2-4 сыныптардың атынан шыққан әжелер мен немерелер командалары қатысты. Өткізілген іс-шараның басты міндеті: қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыру болып табылады. әкелер клубымен бірлесіп " Жеті атанды білесің бе?" атты ата-аналары мен балалары шежіре тарихы мен халқымыздың дәстүрлері туралы өз білімдерін көрсетті. "Өнегелі әжелер" іс-шарасына әжелер мен немерелер қатысты. Іс-шараның мақсаты: ұмытылған дәстүрлерді жаңғырту, оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын ояту. Ажелер өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісті, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде аға буынның маңызды рөлін көрсетті. Аналар мен 3-4 сынып оқушылары үшін "Аналар мен қыздар" конкурсы ұйымдастырылды, онда қатысушылар ән мен би шеберліктерін көрсетті, зияткерлік конкурстарда білімдерімен жарқырады. Мектеп парламенті мен "Аналар клубы" жоспарларына сәйкес 5-8 сынып оқушылары арасында "Екі жұлдыз" байқауы өткізіліп, оған ата-аналар мен балалар өздерінің вокалдық деректерін көрсетті. Отбасы күніне орай 3,4 сыныптар арасында «Әкем, анам және мен» атты спорттық жарысы өтіп, ата-аналар белсенді қатысты.

" JAN ANUAL " психологиялық қолдау орталығының психологы 8-10 сынып оқушыларының ата-аналарымен кездесті. Ата-аналар үшін"ата-аналарда зорлық-зомбылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу шеңберінде жүйелі жұмысты қалыптастыру және балаларды бағдарлау"тақырыбы ұсынылды. Біздің мектептің 8-ші "А" сынып оқушысы Шәріпова Алина және оның анасы Максимова Зауреш Бисенбіқызы, гуманитарлық колледж оқытушысы мектеп өміріне белсенді қатысып, қоғамдық шараларға елеулі үлес қосуда. Наурыз айында Астанада Халықаралық әйелдер күніне орай "Жаңа Қазақстан" Республикалық инновациялық орталығы ұйымдастырған "Аяулы Ана" республикалық байқауы өтті. Байқау қорытындысы бойынша Максимова Зауреш Бисенбіқызы I дәрежелі дипломмен және "Аяулы Ана"орденімен марапатталды.Ақтөбе қаласы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия "Анаға тағзым" орталығында "Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі" тақырыбында семинарына мектеп аналары қатысты. Мектепте ата-аналар кезекшілігі, түнгі рейдтер ұйымдастырылды.

Құқықтық тәрбие бойынша 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері, құқықтық білім беру сабақтары өткізілген. "Заң және тәртіп" акциясын өткізу шеңберінде мектепте құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен және депутаттармен кездесулер ұйымдастырылды, олардың мақсаты: кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз және қоғамға жат әрекеттерінің алдын алу, есірткі және психотроптық заттардың таралуына қарсы іс-қимыл жасау, білім алушылардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру болды. 16 мамырда "Құқықтық мәдениет" айлығы аясында Ақтөбе облысы полиция департаментінің аға тергеушісі, полиция подполковнигі А. Е. Акилова мектеп оқушыларымен Нашакорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. ПДН аумақтық инспекторы полиция капитаны Ф. Е. Бақытжанова 8-11 сынып оқушыларымен әңгімелесті, онда құқық бұзушылықтардың алдын алу, Зиянды заттарды қолдануға жол бермеу және кеш жүру мәселелері қозғалды. Астана ауданы №1 ПБ МББ полиция майоры А. А. Жамиев 8-11 сынып оқушыларымен кездесуге қатысты. Бұл кездесудің мақсаты: құқықтық білімді арттыру және заң алдындағы жауапкершілікті қалыптастыру. Оқушылар жол қозғалысы ережелерін сақтау қажеттілігі туралы, мектеп қабырғасында, қоғамдық орындарда және көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс туралы ақпарат алды.

Облыстық мәслихат депутаты, құқықтық тәртіпті қорғау жөніндегі комиссияның төрағасы Серік Амантайұлы Әліпов, Ақтөбе қаласы мәслихатының төрағасы Анар Нұрлыбекқызы Даржанова, Ақтөбе қаласы Астана ауданы №1 ЖПҚ бастығының орынбасары міндетін атқарушы Б. И. Қыдырмағанбетов, сондай-ақ Астана ауданы ІІБ №1 ЖПБ кәмелетке толмағандар территория жөніндегі аумақтық инспекторының қатысуымен Ақтөбе қаласы, полиция капитаны Бақитжанова Ф. Е. "Есірткілердің, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының, прекурсорлардың және заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері" тақырыбында кездесу өтті. Аумақтық полиция инспекторы полиция капитаны Ф.Е. Бақытжанова, Астана ауданының №1 МББ криминалдық полициясының аға жедел уәкілі полиция майоры А. А. Жәмиев әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану, құқық бұзушылықтардың алдын алу, Интернетке тәуелділік және нашарлық мәселелері, сондай-ақ салауатты өмір салтын міндетті түрде сақтау сияқты мәселелер қозғалған іс-шара өткізді.

8-10 сынып оқушыларының Астана ауданының №1 МББ аға инспекторы полиция майоры К. А. Шаукиловамен кездесті. Кездесу барысында оқушылар кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, нашарлықтың алдын алу бойынша ақпаратпен танысты.

9-11 сынып оқушылары үшін Астана ауданы №1 ҚПБ инспекторы А. Амангильдиевамен кездесу өтіп, "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу" тақырыбында әңгіме өткізді. Халықтың репродуктивті денсаулығын қорғауға арналған №1 БП гинеколог-дәрігерлері Ж.Ж. Жұмабекова, А. К. Дошманова, СӨС кабинетінің маманы Л. Х. Жанторина 8-10 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. "Дені сау ұрпақ - жарқын болашақтың кепілі" атты кездесуде қыздарға жасөспірім кезіндегі ағзадағы физиологиялық өзгерістер, ерте жыныстық қатынасқа түспеу және гигиена ережелерін сақтау туралы ақпарат берілді.

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы бойынша оқушылардың түрлі мамандықтарға деген қызығушылығын арттыру, еңбекқорлық құндылығын насихаттау, адал еңбектің маңыздылығын түсіндіру және кәсіби бағдар беру. Жоба жетекшісі: Имагамбетова Ж.А. 1–11 сыныптар арасында «Еңбек ердің көркі, ер елдің көркі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, адал еңбек етуге баулу, еңбек адамын құрметтеуге үйрету және еңбек арқылы жетістікке жетудің маңыздылығын ұғындыру. 1–11 сынып оқушыларының қатысуымен «Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды еңбексүйгіштікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, өз еңбегінің нәтижесін бағалауға үйрету және мектеп ұжымында қайырымдылық пен бірлік рухын қалыптастыру. «Күзгі бояулар» атты сурет және қолөнер бұйымдары көрме-байқауы өтті, қатысқан оқушылар табиғатқа деген сүйіспеншілік пен ұқыпты көзқарасты қалыптастыру, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуын көрсетті. 9 «Б», 9 «В», 9 «Г» сыныптарында «Мамандықтар жәрмеңкесі» атты сыныптан тыс тренинг-іс-шара өткізілді. 1-4 сынып оқушылары экологиялық білім мен тәрбие алу жолында өз қолдарымен ерекше табиғат бұрышы – "Жасыл баубақша" ұйымдастырып, оны қолөнер туындыларымен безендірді. Табиғат пен оның ресурстарына ұқыпты қарауға баулу аясында 9 -ші сынып оқушылары «Жер сағаты» экологиялық акциясына қатысты. Ғарышкерлер күніне орай мектебімізде «Ғарышқа саяхат» атты макеттер байқауына 1-8 сынып оқушылары өз қиялындағы ғарыш кемелері мен планеталарды жасап, ерекше туындыларын ұсынды.

«Шабьт» жобасы бойынша Жоба жетекшісі:Телағысова А.Д. Негізгі іс-шаралар: «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік концертке мектебіміздің ардагер ұстаздары арнайы шақырылып, кештің қадірлі қонақтары болды. Ұстаздар күніне орай оқушылардың ұстазға деген құрметін арттыру мақсатында Республикалық «Даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылды.

Қаламыздың белгілі айтыскер ақындары Мұқанов Жаңажол мен Бекжанов Айбаттың қатысуымен ақындар айтысы ұйымдастырылды. Бұл сайыс оқушылардың ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттырып, суырыпсалмалық қабілетті бағалауға мүмкіндік берді. Ақтөбе қаласында өткен «Сыбаға» фестивалі аясындағы «Дәуір дефилесі» шарасына 1 «Б» сынып оқушылары қатысып, ұлттық киім үлгілерін сәтті таныстырды. «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының ұйымдастыруымен мектебіміздің оқушылары «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» флешмобына белсенді қатысты. 6- 9-сынып оқушылары «Театр және біз» үйірмесі аясында А.С. Пушкиннің «Цығандар» поэмасы бойынша «Жол қозғалысы ережелері» және «Бағдаршам» атты мини-спектакльдер қойылымына ат салысты. 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай 9 «А», 9 «Ә», 10 «А», 11 «А» сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Ауған – сөнген шоқ, өшкен арман, тек сенсің есте қалған...» атты патриоттық шара өтті. «Ананың аялы алақаны» челленджі аналарға деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ұйымдастырылып, оқушылар өз аналарына арнап жүрекжарды тілектерін, жылы лебіздері мен шығармашылық жұмыстарын ұсынды. «Көктем аруы – 2025» байқауы 5–11 сынып қыздары арасында ұйымдастырылып, шара барысында қатысушылар өз өнерлерін, зияткерлік қабілеттерін және сән-салтанатын көрсетті. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы VI өңірлік хор музыкасы чемпионатында мектебіміздің 4-8-сынып оқушыларынан құралған хор ұжымы және хордың солисті – 11 "Б" сынып оқушысы Алмагамбетова Айым, ал биші сүйемелдеуші – 5 "В" сынып оқушысы Канатова Ирада жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жүлделі орынға ие болды.

«SMART BALA» жобасы бойынша Ахметова А.М. ретінде тағайындалды. 8-10 сынып оқушыларының қатысуымен оқушылардың кәсіпкерлік және инновациялық ойлау қабілетін дамыту мақсатында “Startup” байқауы өткізілді. «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы барысында 8-10 сынып оқушылары түрлі саладағы (экология, технология, білім) тың идеяларын ұсынып, шығармашылық қабілеттері мен техникалық ойлау дағдыларын көрсетті. «SMART BALA» жобасы аясында 2025 жылғы 21 ақпанда 9-11 сынып оқушылары арасында зияткерлік сайыс ұйымдастырылып, оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылық және шешендік қабілеттері сыналды.

1. «Қамқор» жобасы бойынша шеңберінде оқушылардың «қоғамға қызмет ету» еріктілік бағыты бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Жоба жетекшісі: Бөрібаев С.М. Мектеп оқушылары мен мұғалімдері сенбі күні «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы аясында мектеп ауласын тазалау және көгалдандыру жұмыстарына белсене қатысты. Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» атты сенбілік акциясы аясында мектеп оқушылары мен мұғалімдері мектеп ауласын тазалау және абаттандыру жұмыстарына белсене қатысты. Мектеп ауласында көгалдандыру мақсатында оқушылар мен мұғалімдердің қатысуымен тал егу акциясы ұйымдастырылды. Мейірімділік керуені аясында қаңтар айында “Білімге жол” акциясы өтті. “Мейірімді жүрек” клубының волонтерлері аз қамтылған отбасы оқушыларына оқу құралдарын сыйлап, білімге ынта мен қамқорлық танытты. мектебіміздің ер мұғалімдері мен “Мейірімді жүрек” волонтерлік клубының оқушылары мектеп ауласын қардан тазартып, ұйымшылдық пен бірліктің жарқын үлгісін көрсетті. еріктілер тобы «Мың алғыс» атты достық пен бірлікті дәріптейтін акцияға қатысып, қала тұрғындарына жүрекжарды алғыс айтып, сый-сияпат таратты.

«Жасыл клуб» экологиялық мәдениет бойынша 2024-2025 оқу жылдары "Таза табиғат" экологиялық акциясы, Халықаралық құстар күніне орай "TazaLike" акциясы өткізілді, акция барысында мектеп ауласына құстарға арналған ұялар ілініп, «Түлектер аллеясы» челленджі, «Жер күні» акция ұйымдастырылды. Сынып жетекшілері “Жердегі өмірдің пайда болуы”, “Табиғат ана не туралы айтып берді?”, “Су-сен өмірсің”, “Әлемді қалай сақтаймыз?”, «Қызыл кітап – дабыл белгісі», "Табиғатты сақтау-өмірді сақтау", "Құстардың табиғаттағы рөлі", "Табиғатты аяла". Экологиялық мәдениетті

қалыптастыру мақсатында «Қалдықтарды қайта өңдеу – әр азаматтың міндеті» тақырыбында дебат турнирі өтті. Жыл бойы "Туған табиғаттың түстері мен дыбыстарындағы жыл мезгілдері", "Экология және біз", «Біз көппіз - Жер бір!» тақырыптарында сынып сабақтары өткізілген. Мектеп оқушылары мен ұстаздар бірігіп «Сенбілік», «Таза бейсенбі» акцияларына белсенді қатысып, мектеп ауласын тазалауға өз үлестерін қосты. Оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы қамқорлық біздің мектептің педагогикалық ұжымы қызметінің басым бағыты болып табылады. Класс жетекшілері сынып сағаттарын, сыныптан тыс іс-шараларды, сурет байқауларын өткізеді. "Біз зиянды әрекеттерге қарсымыз!", "Денсаулық және жаман әдеттер", "Зиянды заттарды қолданудың алдын алу", "Жаман әдеттерге жол жоқ!". Салауатты тамақтану онкүндігі ұйымдастырылды, оның аясында "Дұрыс тамақтанудың пайдасы туралы", "Пайдалы және зиянды өнімдер", "Дәрумендердің пайдасы туралы" сыныптан тыс сағаттар мен іс-шаралар өткізілді. Жоғары сынып оқушылары "Есірткіге жол жоқ" челленджіне қатысты, қатысушылар СӨС маңыздылығы және есірткі және өзге де уытты заттардан бас тарту туралы өз ұстанымдарын растады. 7-10 сынып оқушылары екінші жартыжылдықта №6 БП жанындағы "Жас дәурен" жастар сауықтыру орталығы ұйымдастырған іс-шараларға қатысты. Іс-шаралар жасөспірімдер арасында СӨС насихаттауға, зиянды заттарды қолданудың алдын алуға бағытталған. №1 БП СӨС кабинетінің маманы Л.Х. Жанторина оқушылармен темекінің, электрондық темекінің, алкогольдің, есірткінің және басқа да жаман әдеттердің зияны туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді, бұл зиянды заттарды қолданудың алдын алуда маңызды рөл атқарады. Туберкулезбен күрес күніне арналған "Біз ойнаймыз, көңіл көтереміз және туберкулезден қорықпаймыз!" салауатты өмір салты әр баланың денсаулығының негізі екенін тағы да дәлелдеп. 9-10 сынып оқушыларына "Лудомания және темекі шегудің алдын алу" тақырыбында дәріс өткізді. Оқу жылы бойынша оқушыларға арналған "Құқық тәртібі және әлеуметтік жауапкершілік", "Біз – салауатты өмір салты үшін" атты сынып сағаттары өткізілді.

Мектеп жұмысындағы басты бағыттардың бірі - білім алушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болу. Мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы ұйымдастырылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығында "Даналық мектебі" жұмыс істейді, оның қызметі позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Бекітілген жоспар бойынша жыл бойы түрлі іс-шаралар өткізілді.

Бұл іс-шараларда отбасылық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығы көрсетілген. Мектепте жыл сайын ата-аналарды мектептің оқу-тәрбие үдерісімен, мектеп жұмысының міндеттері мен қорытындыларымен таныстыруға, мемлекеттік қорытынды аттестаттау туралы ережелермен, оқушыларды кәсіптік бағдарлау мәселелерімен және оқу орындарына түсу шарттарымен таныстыруға бағытталған ата-аналар жиналысы (сыныптық, жалпы мектептік, ата-аналардың жекелеген топтарымен) өткізіледі. Ата-аналардың сынып жиналыстары сынып жетекшілерінің жоспары бойынша тоқсан сайын өткізіледі.

Ата – аналар жиналыстарынан басқа мектепте пән мұғалімдері, мектеп әкімшілігі ата-аналарға жеке кеңес берді. 2024 жылғы 7 қарашада "Ашық есік күні" форматында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа келген ата-аналар алдымен оқушылардың білім деңгейімен танысып, содан кейін әр мұғалімнен балаларының үлгерімі мен мінез-құлқы туралы толық ақпарат алды. Бұл кездесу ата-аналарға балалардың оқу процесін жақсы түсінуге мүмкіндік берді. «JAN ANUAL» психологиялық қолдау орталығының психологы 8-10 сынып оқушыларының ата-аналарымен кездесті. Ата-аналар үшін "Ата-аналарда зорлық-зомбылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу шеңберінде жүйелі жұмысты қалыптастыру және балаларды бағдарлау" тақырыбы ұсынылды.

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағыттарында тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте *азаматтық-патриоттық, ұлттық- спорттық, көркемдік-эстетикалық, дебаттық үйірмелер* жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Оқушыларды қосымша біліммен қамтуы

Оқу жылы	Үйірмелер		Секции		Клубтар		Мектеп бойынша			Мектептен тыс үйірмелер мен секциялар		Барлығы	
	Саны	Оқушы саны	Саны	Оқушы саны	Саны	Оқушы саны	Саны	Оқушы саны	Оқушы %	Саны	Оқушы %	Саны	Оқушы %
2024 - 2025	2	25	7	173	8	337	17	510	68,4	455	39,3	965	83,5

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы 191 бұйрығы (3 тарау, үстемақыларды, қосымша төлемдер мен үстемақыларды есептеу тәртібі білім беру ұйымдарының қызметкерлері үшін), **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы 1193 қаулысы «Азаматтық қызметшілерге, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде еңбекақы төлеу жүйесі туралы», Қазақстан республикасы 2018 жылғы 7 ақпандағы 42 қаулысы «Жарлыққа өзгерістер енгізу туралы» негізінде** 2024-2025 оқу жылында дене шынықтыру мұғалімдеріне мектептен тыс спорттық іс-шараларға өткізу үшін БДО 100/% көлемінде тарифтелінді. **2024-2025 оқу жылы** бойынша 2024 жылғы 02 қыркүйек күні мектеп директорының №538 бұйрығына сәйкес спорттық секция және үйірме жетекшілері тағайындалды.

- 1.«Волейбол» (қыздар) – Капиев Ж.А.
2. «Волейбол» (ұлдар) – Медетов Б.С.
3. «Баскетбол» (қыздар) -Мельникова Д.Н.
4. «Футбол» (ұлдар) – Жүсіпқалиев Н.А.
5. «Тоғыз құмалақ» - Суханов М.С.
6. «Шашки» - Бекмуханова А.К.
- 7.«Аэробика» - Килашова Г.Ж.
- 8.«Шахматы»-Даулетов Д.А.;
- 9.« Вокал» - Рсымбетова Ш.У. - спорттық секциялармен үйірмелер ақысыз ұйымдастырылды.

Мектебімізде "Жас Сарбаз" клубы, "Ақиқат" пікірсайыс клубы, театр клубы, "Мейірімді жүрек" еріктілер клубы, "КВН" клубы, "Сырғалым" қыздар клубтары ұйыдастырылды.

Мектеп білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -510. Мектептен тыс үйірмеге 455 оқушы қатысты. Жалпы оқушылардың қамтылған саны – 965 оқушы, яғни 83,5%.

«2024 - 2025 оқу жылы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, олардың бос уақытын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1 өкіміне сәйкес Қала

сыртындағы лагеріне 20 балаға жолдама берілді. Күндізгі мектеп жанындағы «Күншуақ» лагерінде барлығы - 50 білім алушы, қала сыртындағы лагерьде 20 білім алушы, мектеп жазғы аланында 150 білім алушы демалған.

білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10-11-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағытты таңдалған.

2024-2025 оқу жылында

ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 жылғы №323 бұйрығына және 08.02.2024 жылғы №27 бұйрығына енгізілген өзгерістермен) педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді.

10А,11А сыныптардағы вариативті компонент 3 сағатты құрады және бөлінді:

10А,11А сыныптарда 1 сағат "Жаһандық құзыреттілік", бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

10А сыныпта 1 сағат "«Эссе – көркем туынды»", осы курстың бағдарламасы эссе жазу тәсілдерін, эссеге қойылатын талаптарды, эссе қандай нысанда болуы керек екенін түсінуге үйретеді.

11А сыныпта 1 сағат "Эссе мен оның түрлерін бағалауға қойылатын талаптар, критерий", бұл курстың бағдарламасы эссе жазу тәсілдерін, эссеге қойылатын талаптарды, эссе қандай нысанда болуы керек екенін түсінуге үйретеді.

10А сыныпта 1 сағат «Кәсіркерлік және бизнес негіздері», бұл курстың бағдарламасы қаржылық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді, оқушыларды ақша жұмсауға және үнемдеуге, алаяқтықтан қорғауға үйретеді.

11А сыныпта 1 сағат " Атомдық және ядролық физика»", бұл курстың бағдарламасы физикалық есептерді шешу дағдыларын дамытуға, физикалық есептерді шешуде физикалық формулаларды дұрыс қолдануға ықпал етеді, күрделі есептерді шешуге үйретеді.

10Б,11Б сыныптарындағы вариативті компонент 2 сағатты құрайды және бөлінеді:

10Б,11Б сыныптарда 1 сағат "Жаһандық құзыреттілік", бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

10Б сыныпта 1 сағат «Предпринимательство и основы бизнеса», бұл курстың бағдарламасы қаржылық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді, оқушыларды ақша жұмсауға және үнемдеуге, алаяқтықтан қорғауға үйретеді.

1 сағат "Қазақстан тәуелсіздік жолында", осы курстың бағдарламасы Қазақстан Республикасының патриоты ретінде тұлғаның қалыптасуына, тарихи тұлғаларды, Қазақстанның жеке егеменді мемлекет ретінде тәуелсіз даму кезеңімен байланысты тарихи маңызды даталарды білуге ықпал етеді.

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2024-2025 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылы	Жалпы контингент	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны	Үлесі
----------	------------------	---	-------

2024-2025	1202	25	2,12%
-----------	------	----	-------

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған

2024-2025 оқу жылында "білім туралы" ҚР Заңының 11-бабының 14-тармақшасы негізінде және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алу құқығын іске асыру, олардың барынша дамуы, әлеуметтенуі үшін жағдай жасау және жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушыларға оқушыларға инклюзивті білім берілді, оған қажеттілік бар. Жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес білім алушыларды жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы оқыту қамтамасыз етілді.

2024-2025 жылы аралығындағы мектептің ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей:

Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс- тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырады.

Педагог-психологтары, әлеуметтік педагог Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген “Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары”- на сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда.

Мектеп психологтары, әлеуметтік педагог психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Мектептің әлеуметтік педагогы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып «Қайырымдылық», «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциялар арқылы балаларға көмектер берілген, отбасындағы балалардың тұрмыс-жағдайын үнемі барып бақылап әктілеп отырады.

Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріледі және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланады.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру

2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2024-2025 оқу жылында

ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 жылғы №323 бұйрығына және 08.02.2024 жылғы №27 бұйрығына енгізілген өзгерістермен) педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, жұмыс оқу жоспары әзірленді.

1А, 1Ә, 3А,3Ә, 4А, 4Ә сыныптардағы вариативті компонент 2 сағатты құрады және бөлінді:

Дене шынықтыруға 1 сағат: "Спорттық ойындар":«Қозғалмалы ойындар», Дене шынықтыру пәні бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен).

1А, 1Ә сыныптарда –"Сауатты жазу"

3А сыныпта- «Интеллектика»

3Ә, 4Ә сыныптарда - «Ғылымға бір қадам»

4А сыныпта - «Арифметикалық төрт амал»,

бағдарламалары оқушылардың танымдық қабілеттерін, ойлау логикасын ашу және дамыту , математикалық білімді толықтыру және кеңейту және оларды практикада қолдану үшін таңдалған, бұл математикалық сауаттылықты дамытуға, оқу сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

2а, 2А сыныптардағы вариативті компонент 3 сағатты құрады және бөлінді:

Дене шынықтыруға 1 сағат: "Спорттық ойындар": «Қозғалмалы ойындар».

Дене шынықтыру пәні бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен).

2А, 2А сыныптар- "Оқу сауаттылығы";

2А, 2Ә сынып - "Логика әлемі"; бағдарламалары оқушылардың танымдық қабілеттерін, ойлау логикасын ашу және дамыту , математикалық білімді толықтыру және кеңейту және оларды практикада қолдану үшін таңдалған, бұл математикалық сауаттылықты дамытуға, саналы оқудың сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

1Б,1В, 1Г, 3Б,3В, 3Г, 4Б, 4В, 4Г, 4Д сыныптардағы вариативті компонент 1 сағатты құрады және дене шынықтыруға бөлінді: "Спорттық ойындар": «Қозғалмалы ойындар».

Дене шынықтыру пәні бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған (спорттық және ашық ойындар санын кеңейту есебінен).

2Б, 2В, 2Г сыныптарындағы вариативті компонент 2 сағатты құрады және дене шынықтыруға бөлінеді: "Спорттық ойындар": «Қозғалмалы ойындар».

2Б ,2Г сыныпта - «Занимательная математика»

2В сыныпта - Математика и логика»,

бағдарламалары оқушылардың танымдық қабілеттерін, ойлау логикасын ашу және дамыту , математикалық білімді толықтыру және кеңейту және оларды практикада қолдану үшін таңдалған, бұл математикалық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді; жылдам оқу дағдылар етеді.

5А,5Ә, 5Б, 5В,5Г,6А, 6Ә, 6Б,6В, 6Г,6Д сыныптардағы вариативті компонент 1,5 сағатты құрады және бөлінді: "Жаһандық құзыреттілік" курсына 0,5 сағаттан, бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатияны және қызметкерлердің қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Дене шынықтыруға 1 сағаттан: "Спорттық ойындар".

Дене шынықтыру пәні бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты оқушылардың қозғалыс белсенділігін дамытуға ықпал етеді (спорттық және көрнекі ойындар санын кеңейту арқылы).

7А,7Ә,7Б, 7В, 7Г, 8А, 8Ә, 8Б, 8В, 8Г сыныптардағы вариативті компонент 4,5 сағатты құрайды және бөлінеді :

0,5 сағат- "Жаһандық құзыреттілік" курсына - бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді, эмпатия және ынтымақтастық қабілеттері, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтар туралы хабардар болу.

Дене шынықтыруға 1 сағаттан: "Спорттық ойындар".

Дене шынықтыру пәні бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты оқушылардың қозғалыс белсенділігін дамытуға ықпал етеді (спорттық және көрнекі ойындар санын кеңейту арқылы).

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндерге бөлінді :

1 сағат- Геометрия ,

1 сағат-Қазақстан тарихы,

1 сағат-География.

9А,9Ә сыныптағы вариативті компонент 5 сағатты құрады және бөлінді :

1 сағат- "Жаһандық құзыреттілік" курсына - бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді, эмпатия және ынтымақтастық қабілеттері, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтар туралы хабардар болу.

Дене шынықтыруға 1 сағаттан: "Спорттық ойындар".

Дене шынықтыру пәні бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты оқушылардың қозғалыс белсенділігін дамытуға ықпал етеді (спорттық және көрнекі ойындар санын кеңейту арқылы).

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндерге бөлінді :

1 сағат- Геометрия ,

1 сағат-Қазақстан тарихы,

1 сағат-География.

9Б, 9В,9Г сыныптағы вариативті компонент 6 сағатты құрады және бөлінді :

1 сағат- "Жаһандық құзыреттілік" курсына - бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді, эмпатия және ынтымақтастық қабілеттері, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтар туралы хабардар болу.

Дене шынықтыруға 1 сағаттан: "Спорттық ойындар".

Дене шынықтыру пәні бойынша бағдарламаның әрбір үшінші сағаты оқушылардың қозғалыс белсенділігін дамытуға ықпал етеді (спорттық және көрнекі ойындар санын кеңейту арқылы).

"Креативті ойлау" элективті курсына 1 сағат . Осы курстың бағдарламасы бұл адамның шаблонсыз ойлау және жаңа тәсілдерді табу қабілеті. Ол шеберлікте көрінеді: әр түрлі жағынан қарапайым заттарға қарау; ерекше, бірақ практикалық идеяларды жасаңыз; заттар арасындағы байланысты табыңыз; өзгерістерге тез бейімделу.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндерге бөлінді :

1 сағат- Геометрия ,

1 сағат-Қазақстан тарихы,

1 сағат-География.

10А,11А сыныптардағы вариативті компонент 3 сағатты құрады және бөлінді:

10А,11А сыныптарда 1 сағат "Жаһандық құзыреттілік", бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

10А сыныпта 1 сағат "«Эссе – көркем туынды»", осы курстың бағдарламасы эссе жазу тәсілдерін, эссеге қойылатын талаптарды, эссе қандай нысанда болуы керек екенін түсінуге үйретеді.

11А сыныпта 1 сағат "Эссе мен оның түрлерін бағалауға қойылатын талаптар, критерий", бұл курстың бағдарламасы эссе жазу тәсілдерін, эссеге қойылатын талаптарды, эссе қандай нысанда болуы керек екенін түсінуге үйретеді.

10А сыныпта 1 сағат «Кәсіркерлік және бизнес негіздері», бұл курстың бағдарламасы қаржылық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді, оқушыларды ақша жұмсауға және үнемдеуге, алаяқтықтан қорғауға үйретеді.

11А сыныпта 1 сағат "Атомдық және ядролық физика", бұл курстың бағдарламасы физикалық есептерді шешу дағдыларын дамытуға, физикалық есептерді шешуде физикалық формулаларды дұрыс қолдануға ықпал етеді, күрделі есептерді шешуге үйретеді.

10Б,11Б сыныптарындағы вариативті компонент 2 сағатты құрайды және бөлінеді:

10Б,11Б сыныптарда 1 сағат "Жаһандық құзыреттілік", бұл курстың бағдарламасы аналитикалық және сыни ойлауды, эмпатия мен ынтымақтастық қабілетін, жаһандық және мәдениетаралық айырмашылықтарды түсінуге ықпал етеді.

10Б сыныпта 1 сағат «Предпринимательство и основы бизнеса», бұл курстың бағдарламасы қаржылық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді, оқушыларды ақша жұмсауға және үнемдеуге, алаяқтықтан қорғауға үйретеді.

1 сағат "Қазақстан тәуелсіздік жолында", осы курстың бағдарламасы Қазақстан Республикасының патриоты ретінде тұлғаның қалыптасуына, тарихи тұлғаларды, Қазақстанның жеке егеменді мемлекет ретінде тәуелсіз даму кезеңімен байланысты тарихи маңызды даталарды білуге ықпал етеді.

Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

Зерделеу барысында: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4-қосымша 4- тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі

Мектеп бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсын жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда 15 сағат, 10-сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат өткізілген.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы

